

"Живпром" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 14 наурыздағы N 258

Реформаны жеделдету және 1994-1995 жылдары экономиканы тұрақтандыру жөніндегі Үкімет Бағдарламасына және Іс-қимыл жоспарына сәйкес, нарықтық қатынастарды қалыптастыру, бәсекелестікті дамыту және жекешелендіру процесін тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Живпром" мемлекеттік акционерлік компаниясының иеленуіне, пайдалануы мен басқаруына берілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін кері шақырып алсын;

"Живпром" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамынан шығарылған акционерлік қоғамдарға акциялардың мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқын берсін;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Астық өндіруді нығайту және оны өткізу рыногын кеңейту, облыстарды нанмен және басқа өңделген астық өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 1994 жылғы 15 қарашадағы N 1288 қаулысына және басқа қолданылып жүрген нормативті актілерге сәйкес, мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің бірыңғай технологиялық жүйесін жасау мақсатында акционерлік қоғамдардың кадрлық құрамына кіретін заңды ұйымдарға, отандық және шет елдік инвесторларға, аралас жұмыс атқарушылар мен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге акциялардың мемлекеттік пакетін сатуды ұйымдастырсын;

бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, асыл тұқымды шаруашылықтар негізінде құрылған акционерлік қоғамдар қызметін мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі мәселені шешетін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде "Живпром" мемлекеттік акционерлік компаниясының міндеттемелері жөніндегі заңды мұрагерлерді анықтасын.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Живпром" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" 1993 жылғы 9 желтоқсандағы N 1230 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 48, 583-бап) және "Живпром" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті және Байқау кеңесі туралы" 1994 жылғы 6 қаңтардағы N 30 қаулылары күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК